



«БЕКІТЕМІН»
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы-ректор
А.М.Наметов
«09» 11 2023 ж.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРДЫҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.01

№ 06 басылым
№ ___ дана

Дайындалды: 06.11.2023 ж. Ө.Б.Таубаев <i>[Signature]</i>	Келісілді: 08.11.2023 ж. Алмагамбетова <i>[Signature]</i> Таскалиев Е.К. <i>[Signature]</i> Ихсанов Е.Б. <i>[Signature]</i>	Енгізілді: 10.11.2023 ж. СМЖ.05.ЛН.01 10.11.2020 ж. орнына Қайта қаралуы: 10.11.2026 ж.
---	--	---

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық ҚР «Еңбек кодексіне» және «Білім туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық басқарма төрағасы-ректорға арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1 Басқарма төрағасы-ректордың міндеті:

3.1.1. Қолданыстағы заңдар, нормативті құқықтық актілер, Қоғам жарғысында және қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген функциялар және бірлескен бастамалар мен әріптестік қағида бойынша жасалған ұжымдық шарттар негізінде жоғары оқу орнына тікелей басшылықты жүзеге асыруға;

3.1.2. Жоғары оқу орнының мақсаты мен даму стратегиясын айқындауға;

3.1.3. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтеріне басшылық етуге, қабылдаған шешімдерге, материалдық құндылықтардың сақталуына және тиімді жұмсалыуына жауап беруге;

3.1.4. Барлық құрылымдық бөлімдердің жұмысын және өзара тиімді әрекетін ұйымдастыруға, әлеуметтік басымдықтарды, ел экономикасындағы мамандықтарға деген сұранысты ескере отырып, олардың жұмысын оқу, ғылыми үдерістерді жетілдіруге бағыттауға;

3.1.5. Жоғары білікті мамандар дайындау мақсатында оқу, ғылым, тәрбие жұмыстарының, жоғары білім беру саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, ұйымның материалдық-техникалық базасы деңгейінің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етуге;

3.1.6. Ұйымның бюджеттік, мемлекеттік бюджеттік емес қорларының, жеткізушілердің, тапсырыс берушілердің, несие берушілердің алдындағы барлық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге;

3.1.7. Жаңа техникалар мен технологияларды қолдану саласындағы жаңа жетістіктер, білім беру саласындағы отандық және шет елдік жетістіктер, еңбекті ұйымдастыру және басқарудың белсенді түрлерін қолдану, шығындарды жұмсаудың негізгі нормаларын, жоғары оқу орнының материалдық, техникалық ресурстарын тиімді пайдалану негізінде басқаруды ұйымдастыруға;

3.1.8. Мамандар даярлау тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы ғылыми ұйымдармен, салалас білім беру ұйымдармен ғылыми байланысты ұйымдастыруға;

3.1.9. Ғылым және білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және қолдау көрсетуіне;

3.1.10. Мамандар даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу жоспарлары мен қосымша білім беру бағдарламаларын бекітуге;

3.1.11. Университетті білікті мамандармен қамтамасыз етуге, профессор-оқытушылар құрамы мен басқа да қызметкерлердің біліктілігін ұдайы арттыруға жағдай жасауға;

3.1.12. Кәсіби білімді қолдану және дамыту, тәжірибе алмасу, жағымды және қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

3.1.13. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлестірілуін, университет қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында материалдық және моральдық ынталандыру қолдануға, әрбір қызметкерге оған тапсырылған іс пен оның

нәтижесіне деген материалдық қызығушылығы мен жауаптылығы қағидатын қолдануға, белгіленген мерзімде жалақысын төлеуді қамтамасыз етуге;

3.1.14. Университет ұжымымен бірге әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық келісім-шартты дайындауға, оған қол қоюға және орындауға, еңбек және өндіріс тәртібін сақтауға, қызметкерлерді еңбекке ынталандыруға және олардың белсенділігін дамытуға ықпал етуге;

3.1.15. Университеттің қаржылық, экономикалық, өндірістік-шаруашылық мәселелерін шешуге;

3.1.16. Өкілеттілігі негізінде бұйрықтар мен өкімдер шығаруға;

3.1.17. Университет қызметінің заңдылығын бақылауға, оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруға, қаржыны басқаруда құқықтық құралдарды пайдалануға, келісім-шарт және қаржы тәртібін, әлеуметтік еңбек қатынастарын нығайтуды қамтамасыз етуге;

3.1.18. Университеттің білім беру қызметін қолдауға және аясын кеңейту мақсатында білім беру саласындағы инновациялық технологияларды енгізуге және қолдануды қамтамасыз етуге;

3.1.19. Университеттің мүліктік мүдделерін сотта, сот алқаларында қорғауға;

3.1.20. Мемлекеттік билік пен басқару орындарының алдында ұйымның мүддесін қорғауға;

3.1.21. Мемлекеттік құпияның қорғалуына және сақталуына, ұсынылатын статистикалық есептері мәліметтерінің нақтылығына байланысты жұмыстарды ұйымдастыруға жағдай жасауға;

3.1.22. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бұзылуына жол бермеуін қадағалауға;

3.1.23. Жыл сайын уәкілетті органға университеттің оқу, ғылыми және қаржылық қызметінің нәтижелері туралы есеп тапсыруға;

3.1.24. Еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі аграрлық және техникалық бағытта оқытудың білім беру-ғылыми орталығы ретінде университет мәртебесінің үнемі өсуіне ықпал етуге, оның әрбір бөлімшелерінің бөлек-бөлек және университеттің тұтастай тұрақты дамуының саясаты мен стратегиясын жүзеге асыруға;

3.1.25. Төраға ретінде Басқарма отырыстарының және Ғылыми Кеңестің қызметін ұйымдастыруға және оның отырыстарында Жарғыны, басқару құрылымын, университет ішлік нормативтік құжаттарды бекітуге;

3.1.26. Білім беру қызметінің сапасын үздіксіз арттыруға бағытталған Басқарма отырыстарының, Ғылыми Кеңестің шешімдерін орындау бойынша проректорлардың, институт директорларының және құрылымдық бөлімше басқарушыларының іс-қызметтерін үйлестіруге;

3.1.27. Ішкі аудит нәтижелерінің қорытындылары бойынша ескертуші және түзетуші әрекеттердің уақытылы орындалуын қамтамасыз етуге;

3.1.28. Университетте білім берудің, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасауға;

3.1.29. Қолданыстағы заңнамаларға және Жарғыға сәйкес өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Басқарма төрағасы-ректор Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады;

3.2.2. Басқарма төрағасы-ректор Жалғыз акционерге және директорлар Кеңесіне тікелей бағынышты.

3.3 Басқарма төрағасы-ректор:

3.3.1. ҚР Конституциясын;

3.3.2. ҚР Азаматтық кодексін;

3.3.3. ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын;

3.3.4. ҚР-да білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын, жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін, еңбек заңнамаларын, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі қажет.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Жоғары білімі, ғылыми дәрежесі кемінде 5 жыл басшылық лауазымдағы еңбек өтілі болуы.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі:

4.1. Басқарма төрағасы-ректор:

4.1.1. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындамағаны үшін;

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы және материалдық залал келтіргені үшін ҚР әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде көзделген нормалар шегінде;

4.1.3. Жарғыда және өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін (тиісінше деңгейде) орындамаған жағдайда ҚР қолданыстағы заңнамаларында көзделген нормалар шегінде жеке жауапты.

4.2. Басқарма төрағасы-ректор:

4.2.1. ҚР Үкіметінде, шет елдік, республикалық, облыстық және қалалық ұйымдарда университеттің мүддесін ұсынуға;

4.2.2. ҚР Конституциясына, әрекет етуші заңдылықтарға, нормативтік-нұсқаулық актілерге және Жарғыға қайшы келмейтін шешімдер мен әрекеттерді өз бетінше қабылдауға өкілетті.

4.3. Басқарма төрағасы-ректор:

4.3.1. Университет атынан сенімхатсыз әрекет етуге;

4.3.2. Банктік мекемелерде есеп және басқа да шоттар ашуға;

4.3.3. Университет мүлкі мен құралдарын пайдалануға, сәйкес нормативтік актілердің талаптарын сақтай отырып, сенімхаттар беруге және келісім шарттар жасауға;

4.3.4. Университетке қызметкерлерді жұмысқа алуға және босатуға, оларға марапаттаулар мен жазалау шараларын қолдануға;

4.3.5. Басқарма отырысында, Ғылыми Кеңесте қарастыру үшін университеттің және оның жекелеген бөлімшелерінің, сонымен қатар СМЖ қызметін жақсарту жөнінде басқарушылық шешімдер енгізуге;

- 4.3.6. Жылына 56 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;
- 4.3.7. Кәсіби жағынан абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 4.3.8. Интеллектуалды меншігін (ғылыми және әдістемелік еңбектерін, патенттерін, бағдарламалық қамтамасыз ету және басқа) қорғауға;
- 4.3.9. Әкімшілік қызметтегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық марапаттауларға;
- 4.3.10. Сәйкесінше ресурстық қамтамасыз ету және жауапкершілік жағдайында өзінің құқының бір бөлігін проректорларға тапсыруға **құқылы**.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі, 23.11.2015 ж. № 414-V;
ҚР Азаматтық кодексі, 27.12.1994 ж. № 269-ХІІ;
ҚР «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж. № 319;
ҚР «Ғылым туралы» Заңы, 18.02.2011 ж. № 407-ІV;
ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы», 13.05.2003 ж. № 415-ІІ;
ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, 11.07.1997 ж. № 151;
ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 18.11.2015 ж. №410-V;
ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы, 16.01.2001 ж. №142-ІІ;
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;
ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.